2024-2025 оқу жылында барлығы 30 педагог қызмет атқарды. Бастауыш білім беру деңгейінде 4 мұғалім сабақ берді. Оның ішінде 2 - педагог-сарапшы, үлесі 50%.

Негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру деңгейлерінде 16 мұғалім сабақ берді. Оның ішінде 1 – педагог-зерттеуші, 8 - педагог-сарапшы, 1 - жоғары санатты педагог, үлесі 63%. Жалпы орта білім беру деңгейлерінде 13 мұғалім сабақ берді. Оның ішінде 1 – педагог-зерттеуші, 7 - педагог-сарапшы, 1 - жоғары санатты педагог, үлесі 69%.

Біліктілік санатын беру (растау) туралы куәліктерді тіркеу және беру журналы бар. Мектеп бойынша педагогтардың біліктілік санаттарын арттыру бағытында перспективті жоспар құрылып, жұмыс жүргізілуде. 2022-2023 оқу жылында аттестаттаудан өткен педагог жоқ. 2023-2024 оқу жылында 4 мұғалім аттестаттаудан өтті, 4 мұғалім педагог-сарапшы санатын растады. 2024-2025 оқу жылында 6 мұғалім педагог-сарапшы санатын растауға өтініш берді, 2-мұғалім педагог-сарапшы санатын алуға өтініш берді, 6 педагог педагог-сарапшы санатын растады, 1-педагог педагог-сарапшы санатын алды, 1-педагог біліктілік тестілеуінен өте алмауына байланысты педагог –модератор санатында қалды. Педагог-модератор санатын 3-педагог растады, 1 педагог иеленді. Заңнама бойынша педагог қызметкерлер 5 жылда бір реттен сиретпей біліктілігі мен білімін растап және санатын көтеріп отыр.

Біліктілік санатын беру (растау) туралы куәліктерді тіркеу және беру журналы жүйелі жүргізіліп келеді, тігілген мөрленген.(қосымша ұсынылады). Мектеп басшысының қолымен бекітілген 5 жылға арналған педагогтерді аттестаттаудың перспективті жоспары құрылған (қосымша беріледі)

2023-2024 оқу жылы

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымның және берілген/ расталған біліктілік санатының атауы	Аттестаттау комиссиясы шешімінің күні
1	Исказиева Лаззат Битималиевна	математика пәні мұғалімі. Педагог - сарапшы	Бұйрық № 767 31.08.2023ж.

2	Ажбаева Мнира Лазаровна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог - сарапшы	Бұйрық № 767 31.08.2023ж.
3	Кенжебаева Эльмира Тлеповна	информатика пәні мұғалімі, педагог - сарапшы	Бұйрық № 767 31.08.2023ж.
4	Рамазанова Рахима Мендихановна	Бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы,	Бұйрық № 3 31.08.2023ж.

2024-2025 оқу жылы

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымның және берілген/расталған біліктілік санатының атауы	Аттестаттау комиссиясы шешімінің күні
1	Жангирова Улбике Изтелеуовна	тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы	Бұйрық №408 02.09.2024ж.
2	Молдағалиев Мирас Бактығалиевич	Физика пәні мұғалімі, педагог-сарапшы	Бұйрық №408 02.09.2024ж.
3	Аймашова Ақманар Қалыбекқызы	педагог-сарапшы, Әлеуметтік педагог	Бұйрық №408 02.09.2024ж.
4	Дуйсенов Артур Серикбаевич	тарих пәні мұғалімі, педагог-сарапшы	Бұйрық №408 02.09.2024ж.
5	Айтмукашева Алтынганым Захарьевна	бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы	Бұйрық №408 02.09.2024ж.
6	Муратов Ержан Мұратұлы	Дене шынықтыру пәні мұғалімі, педагог-сарапшы	Бұйрық №408 02.09.2024ж.
7	Каирғалиев Азамат Зейнуллович	АӘТД пәні мұғалімі, педагог-сарапшы	Бұйрық № 425-нқ 13.09.2024ж.

Қорытынды: 2022-2024 жылдары біліктілік санатының мерзімі өтіп кеткен немесе біліктілік санатын қорғамаған, растамаған мұғалімдер жоқ.

Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі

ҚР «Білім туралы» заңының 37-бабының 4- тармағына және "Педагог мәртебесі туралы" ҚР заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының кемінде үш жылда бір рет өту қағидасы сақталған. 3 жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген мұғалім жоқ. 2022 жылдың жаз айларында біліктілік арттыру курсына қатысып сертификатталған педагогтердің біліктілік арттыруы биыл 2025 жылдың жаз айларында 3 жылға толады. Біліктілік арттыру курстарына перспективті жоспар құрылды.

«Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 415 бұйрығына сәйкес ағымдағы оқу жылында біліктілікті арттыру курсынан өтетін мұғалімдер тізімі жасақталды.

Басшы кадрлардың біліктілігін арттыру курстан өткені туралы мәлімет

№	Аты-жөні	Өткен уақыты	Біліктілік арттыру курстары (3 жылда бір өтетін)	Сертификат
1	Жангирова Улбике Изтелеуовна	03.05.2024	«Білім берудегі менеджмент» 2024 (Өрлеу)	№0799643
2	Молдағалиев Мирас Бактығалиевич	.-	.-	.-
3	Избанова Лариса Фароховна	.-	-	.-

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары 02.09.2024ж. осы лауазымға тағайындалды. (бұйрық №89)

**Қысқа мерзімді (80 сағат) білімін жетілдіру курсынан өткен мұғалімдердің үлесінің мониторингі,
сертификаттарының жарамдылық мерзімі**

№	2022-2023		2023-2024		2024-2025		2025 ж 2-ші жартыжыл дығында өтетіндер саны	Жалпы 3 жылда курсмен қамтылуы
	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%
1	33	87%	32	93%	30	96%	5	100

2022-2023 оқу жылында бейіні бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткен педагогтер саны: 6, 2023-2024 оқу жылында 16 педагог, 2024-2025 оқу жылында -17. Қазіргі уақытта қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Ниталиева Акжунас Оразовна курстан өтуде, курс 04.10.2024 жылы аяқталады. 2025 жылдың екінші жартыжылдығына біліктілік арттыру курстарынан 5 педагог жас мамандар өтеді деп жоспарлануда. Мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен оқушының жеке тұлғасына бағытталған сапалы білім берудегі инновациялық ізденіс жұмыстары жаңартылған білім беру мазмұны аясында жүзеге асырылды. Педагогтердің білімін арттыруға ерекше көңіл бөлінді. **Педагогтердің біліктілік арттыру курстарына өткендігі туралы, тақырыбы, өткен мерзімі туралы мәлімет қосымша берілді.(7-қосымша)**

- білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер:

Мерей жалпы орта білім беретін мектебінің оқу-тәрбие жұмыстарын жүйелеу, білім саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, озық педагогикалық тәжірибелерді енгізу, насихаттау және тарату, мектептің даму бағыттарын нақтылау, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру арқылы ұжым жұмысының сапасын арттыру, оқушылардың білім сапасын дамыту мақсатында мектептің көшбасшы мұғалімдерімен бірлесіп «Табысты мектеп–2028» стратегиялық даму жоспарының жобасы дайындалып, педагогикалық кеңесте бекітілді. Әдістемелік жұмыс 4 бағытта жүргізіледі:

1. «Жаңа формат» пән бірлестігі қауымдастығы.
2. «Озық тәжірибе» зерттеушелер мектебі.
3. «Жас маман мектебі».
4. «Көшбасшы» даму командасы

Тәлімгерлік: жас маманмен жұмыс: оқу жылының басында жас мамандарды кәсіби қолдау және әдістемелік көмекті жүйелі көрсету мақсатында тәжірибелі және білікті мамандардан тәлімгерлер тағайындалады. Мектептегі тәлімгерлік жұмыстары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығымен бекітілген Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарына сәйкес жүргізілді. Тәлімгерлердің жоспарлары Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 16.09.2021 № 472 бұйрығына сәйкес дайындалды. Жас мамандарға қолдау көрсету мақсатында тәлімгерлік жұмыстарын атқару 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында педагог-зерттеуші Ниталиева Акжунас Оразовнаға жүктелді.

Жас мамандар үлесі

№	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	4 (13%)	4 (13%)	4 (13,3%)

Жас мамандардың жетістіктері:**2022-2023 оқу жылы**

<i>Аты-жөні</i>	<i>Пәні</i>	<i>Жетістіктері</i>
Шайхина Мейрамгүл Әділбекқызы	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	Аудандық «Педагогикалық идеялар фестивалі» «Шеберлік палитрасы» І орын, облыстан Алғыс хат; Ұстаздар арасында аудандық «Ғабит оқулары» байқауында Мәнерлеп оқу бойынша ІІІ орын; Оқушысы Сатыбалды Амаль (5-сынып) Республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңі І-орын, Облыстық кезеңі І-орын, Республика кезеңі ІІІ-орын; Оқушысы Забиров Альфия Ауд. «Менің Отаным-менің бастамам» шығармашылық байқауында І-орын, облыстық кезеңде ІІІ-орын;
Жақсылықұлы Райымбек	Еңбек пәні мұғалімі	Батаев Ақбора Аудандық «Таңғажайып сәт» фото байқауынан ІІІ орын; Жақсығали Еламан 6-сынып оқушысы Аудандық «Шексіз шығармашылық» байқауының «Қазақстан- менің алтын бесігім» аталымында ІІ орын;
Сагатдинова Гульзина Тимуровна	Математика пәні мұғалімі	Оқушысы Бакесов Искар Респуб. «Кенгуру» математикалық турнирінде ІІ орын, Республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңі (кіші олимпиада) ІІІ орын; Аудандық «Европа-Азия» туристік жарысында ВелоТриал қашықтығы бойынша ІІ орын; Аудандық «Жас ұстаз» байқауы – «Мобильді мұғалім – номинация».
Жоламанов Абзал Қадырғалиұлы	Мектеп психологі	Аудандық «Апргейд 45 минут немесе 21 ғасырда әр сабақта оқушылардың дағдылары мен құзыреттілігін дамыту» семинарына қатысқандығы туралы Сертификат

2023-2024 оқу жылы

<i>Аты-жөні</i>	<i>Пәні</i>	<i>Жетістіктері</i>
Шайхина Мейрамгүл Әділбекқызы	Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі	Оқушысы Салихат Раушан Республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңінде ІІІ-орын; Аудандық Ғылыми жоба Суерова Аружан ІІ орын; «Білікті ұстаз-2023» республикалық олимпиада 2 орын; Аудандық Құрмет грамотасымен марапатталды.
Жақсылықұлы Райымбек	Еңбек пәні мұғалімі	Тлеуов Берік Аудандық «Бояулар құпиясы» сурет байқауында Классикалық кескіндеме номинациясы бойынша ІІ орын, Сыңғыр Арнұр Тақырыптық нотюрморт номинациясы бойынша ІІІ орын;
Сагатдинова Гульзина Тимуровна	Математика пәні мұғалімі	«Ақжелкен» математикалық регатасында Бакесов Искар ІІ орын; «Білікті ұстаз-2023» қашықтан байқауында -3-орын; Республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңінде оқушысы Бакесов Искар ІІІ-орын;

Жоламанов Абзал Қадырғалиұлы	Мектеп психологі	Аймақтық «Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы білім сапасын арттыру» семинарына қатысқандығы туралы Сертификат
---------------------------------	---------------------	--

2022-2024 жылдар аралығында аудан, облыс, республика көлеміне авторлық бағдарламаларын таратқан мұғалімдер саны – 5. Әдістемелік басылымдарға мақала жариялаған мұғалімдер саны – 20 (66%). Республикалық конференцияға қатысып тәжірибе бөліскен мұғалімдер саны -3. Аудандық, облыстық семинарларға қатысып баяндама жасаған мұғалімдер саны -10.

Соңғы 3 жылда халықаралық, республикалық, облыс, аудан көлемінде конкурстар мен жарыстардағы педагогтардың көрсеткіші:

Оқу жылы	Халықаралық оқушы/ педагог	Республика лық	Облыстық	Аудандық
2022-2023	2	1	5	10
2023-2024	1	2	2	11
2024-2025	0	0		

2022-2024 ж.ж. педагогтердің жетістіктері				
№	Педагогтың аты- жөні	Өткізілген шараның атауы	Жүлделі орын	Байқаудың деңгейі
1	Рамазанова Р.М	“Үздік бастауыш сынып мұғалімі”2022	“Зерттеуші педагог” аталымы бойынша Алғыс хат	Аудандық
		“Үздік сабақ жоспары”	I орын	Аудандық
2	Аймашова А.Қ	“Үздік әлеуметтік педагог”	II орын	Аудандық
		“Қадыр оқулары”	III орын	Аудандық
3	Молдағалиев М.Б	Математика және физика пәндері мұғалімдерінің шығармашылық конкурсы	II орын	Аудандық
		“Сапалы білім сапалы сабақтан” сабақтар шеруі	I орын	Аудандық
		“Сапалы білім сапалы сабақтан” сабақтар шеруі	II орын	Облыстық
		Шағын жинақталған мектептің үздік педагогі	III орын	Аудандық
		“Квант” интеллектуалды байқауы	I орын	Аудандық
		“Квант” байқауы. Тасқала ауданы	Сертификат	Облыстық

		“Эврика” командасы		
4	Мұратов Е. М	“Тоғызқұмалақ” спорт түрінен ерлер арасында	II орын	Аудандық
		Қол күресі ерлер арасында 70 кг салмақ дәрежесінде	II орын	Аудандық
		“Үздік дене шынықтыру педагогі-2023”	III орын	Аудандық
		Ұстаздар мерекесіне орай спорттық байқау	III орын	Аудандық
5	Тугжанова А.М	“Бақыт құшағында” Шәмші әндері	I орын	Аудандық
		“Қадыр оқулары”	I орын	Аудандық
6	Айтмукашева А.З	“Алтын тұғыр” математикалық олимпиада	II орын	Аудандық
7	Ажгулова С.Е	“Сапалы білім сапалы сабақтан” ашық сабақтар шеруі	III орын	Аудандық
8	Исказиева Л.Б	“Шағын жинақталған мектептің үздік” педагогі	III орын	Аудандық
9	Нуппаева Г.С	“Үздік шеберлік сынып” атты аудандық сырттай видеоролик байқауы	Бедсене қатысқаны үшін Алғыс хат	Аудандық
		“Бала бағбаны” байқауы	II орын	Аудандық
		“Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі”	III орын	Аудандық
10	Кульмалиева Л.А	“Үздік сынып жетекші-2023”	“Зиялы сынып жетекші” номинациясы	Аудандық
11	Кенжебаева Э.Т	Математика, физика және информатика пәндері мұғалімдерінің арасындағы шығармашылық байқау	Белсене қатысқаны үшін Алғыс хат	Аудандық
		“Сапалы білім сапалы сабақтан” ашық сабақтар шеруі	III орын	Аудандық
12	Дуйсенов А.С	“Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Өркениетке ұмтылған қоғам” атты ғылыми-практикалық конференциясы	“Үздік конференция баяндамашысы” номинациясы	Аудандық
		“Шағын жинақталған	III орын	Аудандық

		мектептердің үздік педагогі”		
		“Ұлттық рух- тәуелсіздік тірегі” аймақтық пікірсайыс турнирі	“Үздік аналитик” Мадақтама	Аймақтық
13	Ажбаева М.Л	Аудандық “Ғабит оқулары”	ІІІ орын	Аудандық
14	Шайхина М.Ә	«Педагогикалық олимп» жас мамандар байқауы	І орын	Аудандық
		«Үздік жас маман-2022»	Үздік сабақ номинациясы	Аудандық
		«Жаңашыл мектепке жаңашыл ұстаз» байқауы	ІІ орын	Аудандық
		«Педагогикалық идеялар фестивалі» байқауы	І орын	Аудандық
		«Мұғалімнің кәсіби дамуы-білім беру жүйесін жаңартудың негізі» ғылыми-практикалық конференциясы	Алғыс хат	Аудандық
15	Аубакирова Салтанат Сырымовна	«Шағын жиналған мектептің үздік педагог»	ІІ орын 2023 ж	Аудандық
		«Білікті ұстаз – 2023» республикалық олимпиада	Сертификат	Республикалық

Пән олимпиадасының 2 жылдық нәтижесі кестеде көрсетіледі. (2024-2025 оқу жылының пәндік олимпиадасы әлі өткен жоқ)

	деңгейі	2022-2023				2023-2024			
		1	2	3	Алғыс хат	1	2	3	Алғыс хат
1	аудан	1	4	2		2	3	8	
2	облыс	1							1
3	респ			1					

Салалық марапаттар:

«ҚР Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы» – 1 (Ниталиева А.О.2020ж)
«ҚР Білім және ғылым министрінің Алғыс хаты» - 1(Дуйсенов А.С. 2018ж.),
облыстық білім басқармасының Алғыс хаты-1 (Жангирова У.И.2024ж.),
облыстық Құрмет тақтасы 2022-қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Ажбаева М.Л.2022ж.
кәсіподақ қоғамдастығының Құрмет грамотасы – 1 (Айтмукашева А.З. 2023ж, Лукпанова Ф.Р.2023ж).

Оқу жылы	МОН Құрмет грамотасы Алғыс хат	Облыстық ББ Құрмет грамотасы Алғыс хат	Кәсіподақ	Аудандық ББ Құрмет грамотасы Алғыс хат
-----------------	---	---	------------------	---

2022-2023	-	1 (Құрмет тақта)	1	2
2023-2024	-	1	2	1
2024-2025	-	-	-	-

III. Білім алушылар контингенті.

1. Оқушы саны туралы, сынып комплект туралы мәлімет

оқыту кезеңдері	2022 -2023 о.ж		2023 -2024 о.ж		2024-2025 о.ж	
	саны		саны		саны	
	оқушы	сынып	оқушы	сынып	оқушы	сынып
бастауыш сынып	61	4	59	4	52	4
негізгі мектеп	72	5	58	5	61	5
орта мектеп	30	3	26	4	19	2
мектеп бойынша барлығы	163	12	143	13	132	11

2022-2023 оқу жылындағы ЕББҚЕ оқушылар:

Ерсариева Алина Нурлановна – 1 сынып. Диагнозы: Психикалық дамуының тежелуі, күрделі түрі. РАС. Жалпы тіл кемістігінің I-II деңгейі. Ұсынымы: ЖББ мектепте ПДТ бағдарламасымен 2022-2023 оқу жылында 1 сыныпта оқыту. Мектеп дефектологі, логопеді және психологі мамандарының түзеу-дамыту сабақтарын өткізу қажет. Қайта қаралуы 05.2023 ж.

Амангелді Ернұр Қанатұлы – 4 сынып. Диагнозы: Психикалық дамуының тежелуі, күрделі түрі. F-70? Жалпы тіл кемістігінің II-III деңгейі. Ұсынымы: ЖББ мектепте зерде бұзылыстары бар балаларға арналған бағдарламасының I бөлімшесімен 2022-2023 оқу жылында 4-сыныпта жеке ықпалмен оқыту. Мектеп дефектологі, логопеді мамандарының түзеу-дамыту сабақтарын өткізу қажет. Қайта қаралуы 05.2023 ж.

Жақсығали Еламан Қанағатұлы – 6 сынып. Диагнозы: Жеңіл ақыл-ой кемістігі, эмоционалды-ерікті бұзылысымен. Жалпы тіл кемістігінің III деңгейі. Ұсынымы: ЖББ мектепте зерде бұзылыстары бар балаларға арналған бағдарламасының I бөлімшесімен 2022-2023 оқу жылында 6-сыныпта жеке ықпалмен оқыту. Мектеп дефектологі, логопеді мамандарының түзеу-дамыту сабақтарын өткізу қажет. Қайта қаралуы 05.2023 ж.

2023-2024 оқу жылындағы ЕББҚЕ оқушылар:

Жақсылық Аманат Қуанышұлы – мектепалды даярлық сыныбы. Диагнозы: Психикалық дамуының тежелуі, мінез-құлықтарының бұзылысымен. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының I-II деңгейі. Ұсынымы: Мектепалды даярлық сыныбында мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің бейімделген оқу бағдарламасы бойынша жалпы білім беретін мектепте оқыту. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерін және критерилерін өзгерту. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектолог, логопед. ППТК мамандарының түзеу-дамыту сабақтарын өткізу қажет.

Шолтанов Ералы Габитович - мектепалды даярлық сыныбы. Диагнозы: Психикалық дамуының тежелуі. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының I деңгейі. Ұсынымы: Мектепалды даярлық сыныбында мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің бейімделген оқу бағдарламасы бойынша жалпы білім беретін мектепте оқыту. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерін және критерилерін өзгерту. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектолог, логопед. ППТК мамандарының түзеу-дамыту сабақтарын өткізу қажет.

Ерсариева Алина Нурлановна – 2 сынып. Диагнозы: Психикалық дамуының тежелуі, эмоционалды-ерікті бұзылыстарымен. Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестіктің бұзылысы? Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының II-III деңгейі. Ұсынымы: Бейімделген жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша бастауыш білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқыту. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: логопед, дефектолог, психолог.

Амангелді Ернұр Қанатұлы – 5 сынып. Диагнозы: Психикалық дамуының тежелуі, күрделі түрі. Жеңіл түрдегі зиятының бұзылысы. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының III деңгейі. Ұсынымы: Жеке оқыту

бағдарламасы бойынша негізгі орта білім беретін жалпы мектептің жалпы сыныбы жағдайында оқыту. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерін және критерилерін өзгерту. Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы оқулықтарды пайдалану. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектолог. Жақсығали Еламан Қанағатұлы – 7 сынып. Диагнозы: Жеңіл түрдегі зиятының бұзылысы, эмоционалды-ерікті бұзылыстарымен. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының III деңгейі. Ұсынымы: Жеке оқыту бағдарламасы бойынша негізгі орта білім беретін жалпы мектептің жалпы сыныбы жағдайында оқыту. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерін және критерилерін өзгерту. Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы оқулықтарды пайдалану. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектолог, психолог.

2024-2025 оқу жылы ЕББҚ бар оқушылар:

Жақсылық Аманат Қуанышұлы – 1 сынып. Диагнозы: Психикалық дамуының тежелуі, мінез-құлықтарының бұзылысымен. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының I-II деңгейі. Ұсынымы: Бейімделген жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша бастауыш білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқыту. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектолог, логопед.

Шолтанов Ералы Габитович - 1 сынып. Диагнозы: Психикалық дамуының тежелуі. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының I деңгейі. Ұсынымы: Бейімделген жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша бастауыш білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқыту. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектолог, логопед.

Ерсариева Алина Нурлановна – 3 сынып. Диагнозы: Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының III деңгейі. Ұсынымы: Бейімделген жалпы білім беретін оқу бағдарламасы бойынша бастауыш білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқыту. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: логопед, дефектолог.

Амангелді Ернұр Қанатұлы – 6 сынып. Диагнозы: Психикалық дамуының тежелуі, күрделі түрі. Жеңіл түрдегі зиятының бұзылысы. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының III деңгейі. Ұсынымы: Жеке оқыту бағдарламасы бойынша негізгі орта білім беретін жалпы мектептің жалпы сыныбы жағдайында оқыту. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерін және критерилерін өзгерту. Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы оқулықтарды пайдалану. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектолог.

Жақсығали Еламан Қанағатұлы – 8 сынып. Диагнозы: Жеңіл түрдегі зиятының бұзылысы, эмоционалды-ерікті бұзылыстарымен. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауының III деңгейі. Ұсынымы: Жеке оқыту бағдарламасы бойынша негізгі орта білім беретін жалпы мектептің жалпы сыныбы жағдайында оқыту. Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдерін және критерилерін өзгерту. Зияты зақымдалған балаларға арналған арнайы оқулықтарды пайдалану. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау: дефектолог, психолог.

2. Сыныптардың толымдылығы туралы мәліметтер: Мектеп бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында сыныптар толымдылығы бойынша көрсеткіш. Сыныптар толымдылығы оқушылар контингентінің тұрақтылығына байланысты көбіне сақталады.

оқыту кезеңдері	Бастауыш сыныптар		Негізгі сыныптар		Жоғары сыныптар	
	Оқушы саны	Сыныптар толымдылығы	Оқушы саны	Сыныптар толымдылығы	Оқушы саны	Сыныптар толымдылығы
2022-2023	61	4	72	5	30	3
2023-2024	59	4	58	5	26	4
2024-2025	52	4	62	5	19	2

реконструкциялауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бөлімінің 10- тармақшасында жалпы білім беретін ұйымдардағы үй жайлардың (сыныптар, оқу кабинеттері) ауданы оқытудың аралас нысандарында (фронтальды және топтық) бір білім алушыға шаққанда 2,5 шаршы метр нормасы белгіленеді делінген. Мектептің техникалық паспорты бойынша сыныптардың ауданы 51,3; 54,2; 52,3 болуына байланысты әр кабинетке оқушылардың сыйымдылығы 20, 21 оқушыға келіп тұр.

3. білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

2022-2023 оқу жылының соңында мектеп контингенті бастауыш буында – 61 оқушы, негізгі буында -72 оқушы, орта мектепте - 30 оқушыны, барлығы 163 оқушыны құрады. 2022-2023 оқу жылында мектеп бітіруші түлектер саны – 16.

2023-2024 оқу жылы соңында мектепте қозғалыс есебі бойынша 3 оқушы қабылданып, 6 оқушы өзге білім беру ұйымдарына ауысты және қозғалыс есебі нәтижесінде 2023-2024 оқу жылы 143 оқушымен аяқталды. Ал 2023-2024 оқу жылында мектеп бітіруші түлектер саны – 12.

2023-2024 оқу жылының жазында 18 оқушы кетіп, 3 оқушы келіп, 2024-2025 оқу жылын 133 оқушымен бастадық.

(оқушылар қозғалысы туралы есеп қосымша ұсынылды)

IV. Оқу – әдістемелік жұмыс

1.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар: - білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің,бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі.

Мектептің 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының жылдық жұмыс жоспарлары бар. Жұмыс жоспарлары Батыс Қазақстан облысы білім басқармасымен, БатысҚазақстан облысы Тасқала ауданы білім беру бөлімімен келісіліп, мектеп басшысымен бекітілген.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары ҚР «Білім туралы» Заңының орындалуы бойынша мектеп жасындағы балаларды орта біліммен толық қамту бөлігінде педагогикалық ұжымның жұмыс жоспары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар, базистік оқу жоспары бойынша бағдарламаның орындалуын бақылау жүргізілуде. Педагог кадрлармен жұмыс барысында, педагог кадрлар туралы жалпы мәлімет жасақталды. Мектепте критериялды бағалау жүйесін ұйымдастырудағы жауапты қызметкерлердің міндеттемелері орындалуда. Педагогикалық кадрлардың аттестаттау бойынша жұмыстар жүруде. Педагогикалық кеңес жұмысы, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес, пән апталықтары жоспарға сай өткізілуде.

2022-2023 оқу жылында:

1-4 сыныптарда бастауыш білім беруді ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 1-қосымшасы негізге алынды.

5-9 сыныптарда негізгі орта білім беруді ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 6-қосымшасы негізге алынды.

10-сынып қоғамдық-гуманитарлық бағытта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 85-қосымшасы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 38-қосымшасы негізінде және білім беру ұйымының 2022 жылдың 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы және облыстық білім басқармасының 2022 жылғы 7 қарашадағы №2-7/5442 хаты негізінде оқу жоспарына және мұғалімдердің жүктемесіне өзгерістер енгізілді.

10-11 сынып жаратылыстану-математикалық бағытта Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының 86-қосымшасы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығының 39-қосымшасы негізінде және білім беру ұйымының 2022 жылдың 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы және облыстық білім басқармасының 2022 жылғы 7 қарашадағы №2-7/5442 хаты негізінде оқу жоспарына және мұғалімдердің жүктемесіне өзгерістер енгізілді.

2023-2024 оқу жылында:

1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 № тамыздағы №264 бұйрығына 1-қосымшасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымшасы

5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымшасы,

10-11 қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныпта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 85-қосымшасы

10-11 жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 86-қосымшасы.

2024-2025 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру:

1-4 сыныптардың оқу жұмыс жоспары жаңартылған білім мазмұнына сай «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін үлгілі оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 1-қосымша негізінде жасалды).

5-9 сынып оқу жоспары: Негізгі саты (5-9 сыныптар) білім мазмұны негізінен аяқталған болып саналады және оқушыларға әрі қарай білім берудің одан арғы бейінін таңдауға кәсіптік бағдарын айқындауға дайындау үшін жағдай жасалады. ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы негізінде жасалды.

Денсаулық жағдайына байланысты орта білім беру ұйымдарына зияты жеңіл түрде бұзылысы бар 6 сынып оқушысы Амангелді Е мен 8 сынып оқушысы Жақсығали Е психологиялық-медициналық қорытындысы бойынша ҚР Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазан №323 бұйрығы 9-қосымша 7 тарау бойынша жалпы мектепте оқиды.

10-11 сынып жаратылыстану-математика бағытындағы сыныпта білім беру процесі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 86-қосымшасына сәйкес жасалды.

3 жылдың оқу жоспарлары сараланды. Оқу жоспарлар білім салалары және оқу пәндері дұрыс жазылған, апталық сағат сандары дұрыс, жалпы апталық, жылдық жүктемелер дұрыс есептелгені анықталды. Мектеп директорымен бекітілген сабақ кестелері «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығының (2021 жылы 6 тамыз №76 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар) 72, 73, 74 тармақтарының талаптарына сәйкес. 1-4 бастауыш сыныптарға, 5-11 сыныптарға арналған сабақ кестелерін құруда білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілгендігі анықталды. *(оқу жоспарлары мен сабақ кестелері электрондық нұсқада жалғанып салынды).*

- жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру:

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптарда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (2022 жылдың 23 қыркүйек күнгі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) басшылыққа алынды. ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің типтік оқу бағдарламаларына (2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрықпен енгізілген өзгерістер).

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптарда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы басшылыққа алынды. ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген.

2024-2025 оқу жылында 1-11 сыныптарда «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы басшылыққа алынды. ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген.

2022-2023 оқу жылындағы мерекелік күндерге сәйкес келетін сабақтар мектепшілік бұйрықтар негізінде сабақтар тақырыптары мен оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп, электрондық журналға КТЖ бөліміне өзгерістер енгізілді. Мектепшілік бұйрықтар: 2022 ж 28 қазандағы №145 бұйрық (Республика күні 25 қазан), 2022 ж 28 қазандағы №145 бұйрық (Тәуелсіздік күні), 2023 ж 18 қаңтардағы №9 бұйрық (8 наурыз мерекесі), (1 мамыр мерекесі), (9 мамыр мерекесі).

2023-2024 оқу жылындағы мерекелік күндерге сәйкес келетін сабақтар мектепшілік бұйрықтар негізінде сабақтар тақырыптары мен оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп, электрондық журналға КТЖ бөліміне өзгерістер енгізілді. Мектепшілік бұйрықтар: 2023 ж 13 желтоқсандағы №158 бұйрық (Республика күні 25 қазан), (Тәуелсіздік күні); 2024 ж. 17 қаңтардағы №4 бұйрық негізінде 8 наурыз мерекесі, 1 мамыр, 7 мамыр, 9 мамыр мерекелеріне келген сабақтарды ауыстыру туралы бұйрық шығарылды.

2024-2025 оқу жылындағы мерекелік күндерге сәйкес келетін сабақтар мектепшілік бұйрықтар негізінде сабақтар тақырыптары мен оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп, электрондық журналға КТЖ бөліміне өзгерістер енгізілді. Мектепшілік бұйрықтар: 2024 ж 25 қыркүйектегі №144 бұйрық (Республика күні 25 қазан), (Тәуелсіздік күні) мерекелеріне келген сабақтарды ауыстыру туралы бұйрық шығарылды.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары Күнделік.кз-те толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағаттар пәндерге Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар Күнделік.кз толтырылған.

-білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысы

Мерей ЖОББ мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығының 2-қосымшасы «2019-2023 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары» негізінде «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2022-2023оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сәйкес құрылып, мектеп директорымен бекітілді.

Мектептің тәрбие жұмысының тақырыбы: «Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл, рухани тұлға қалыптастыру»

Мақсаты: Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас мәдениеті, ақпараттық мәдениеті, зерттей білетін дағдылары, іс-әрекет жасай білу, интеллектуалдық жұмыс істей білу мәдениеті дамыған тұлға тәрбиелеу

Күтілетін нәтиже:

- Ата-аналардың мектеп өміріне белсенді араласуы мен бала тәрбиесіне жауапкершілігінің артады.
- Отбасы дәстүрлері мен құндылықтарының жетілуі, ұлттық тәрбиенің негізі арқасында рухани бай, адамгершілігі жоғары тұлға қалыптасады.
- Ынтымақтасқан жұмыс, жобалар арқылы ана тілін, тарихын, мәдениеті мен дәстүрін дәріптейтін, бәсекеге қабілетті, толерантты тұлға қалыптасады.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып табылады.

Тәрбие жұмысы Тұжырымдамада көрсетілген 8 бағыт бойынша жоспарланып, жүргізілген:

I. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу

II. Рухани-адамгершілік тәрбиесі

III. Ұлттық тәрбие

IV. Отбасылық тәрбие

V. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

VI. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

VII. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

VIII. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

1. Бағыты: Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

Қыркүйек айының 1-де Мерей ЖОББ мектебінде Білім күніне арналған салтанатты шара «Терең білім, еңбекқорлық және Отаншылдық» тақырыбында ұйымдастырылған. 1-11 сынып оқушыларына аталған тақырыпта бірыңғай тәрбие сағаттары оздырылған. Оқушылар бойына адалдық пен парасаттылықты қасиеттерін қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клуб мүшелеріне тәлімгер Кульмалиева М.К. отырыс өткізіліп, клуб құрамын жаңарып, оқушыларды қабылдады. 9-11 сынып оқушыларына сынып жетекшілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында адалдық сағаттары өткізген. Қазан айында «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында технология пәні мұғалімдер Жаксылықұлы Р және Тугжанова А.М. «Қазақстан – алтын бесігім» тақырыбында мектеп оқушыларының колөнер

көрмесін ұйымдастырған. Қараша айында дәстүрлі түрде жылда ұйымдастырлатын «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» айлық шарасы жоспарына сәйкес мектеп психологы А.Қ.Жоламанов «Отбасы-мектеп-қоғам мәселесі» тақырыбында ата-аналармен кездесу өткізген. Балалардың зорлық-зомбылықсыз болашағы талқыланды. 1 желтоқсан Тұңғыш Елбасы күніне орай 1-11 сынып оқушыларына «Елі сүйген,елін сүйген Елбасы» тақырыбында іс-шаралар ұйымдастырылған. Қазақстанның Тәуелсіздік жолындағы Елбасының еңбектері насихатталған. 16 желтоқсан ҚР-ның Тәуелсіздігі күніне орай «Менің Қазақстаным» іс-шаралар жоспары бекітілген. Іс-шаралар жоспарына сәйкес танымдық сағаттар, кітап көрмесі, спорттық шаралар,сурет көрмесі өткізілген. «Мектептің өзін-өзі басқаруы» жобасы аясында 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 1 сынып оқушыларын «Жас Қыран», 5 сынып оқушыларын «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылданған. Оқушылардың зиянды заттардан аулақ болу мақсатында «Шылым шегудің зияны» тақырыбында мектеп медбикесі Куанышкалиева А.Б. түсінінік жұмыстарын жүргізген. Жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстары, өмірге деген позитивті көзқарасты қалыптастыру бойынша педагог-психолог А.Қ.Жоламанов семинар-тренингтер, сауалнамалар өткізген. Мерей ауылдық участкелік полиция капитаны Р.Б.Нықбаев және Тасқала аудандық кәмелеттік жасқа толмағандармен жұмыстанатын полиция капитаны Э.Б.Тапаловпен тоқсан сайын кездесулер өткізілген. Ақпан айында Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл толуына орай АӘД пәні мұғалімі А.З.Каирғалиев 9-11 сынып оқушыларына патриоттық шара ұйымдастырған. аталмыш шара өтті. Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беру, туған жерін қастерлеу, елін құрметтеу мақсатында 1 мамыр Бейбітшілік күніне орай, 7 мамыр Отан Қорғаушылар күніне және 9 мамыр Жеңіс күніне орай іс-шаралар жоспары құрылған. Жоспар бойынша патриоттық бағыттағы шаралар ұйымдастырылып, өткізілген.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындалу мерзімі	Нәтижесі, сілтемелер
1.	«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ: 1 қыркүйек –Білім күніне арналған «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» алғашқы қоңырау, тәрбие сағаттары	1.09.2022	Салтанатты жиын
2.	«Тіл айлығы» Сырбай Мәуленовтің туғанына – 100 жыл, Шерхан Мұртазаның туғанына – 90 жыл,	5.09.2022	Тіл айлығы
3.	Жалпы ата-аналар жиналысына қатысу, құқықтық тәрбиеге байланысты әңгіме өткізу	21.09.2022.	Ата-аналар жиналысы
4.	«Адал ұрпақ» клубының жылдық жұмыс жоспарын бекіту		
5.	Қосымша білім беруді қадағалау. Мектеп оқушыларының үйірмелерге қатысуын қадағалау	Жыл бойы	Оқушылардың жыл бойы үйірмеге қатысуы
7.	«Жасөспірім» рейді		
8.	Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 33 жыл толуына орай сынып сағаты	Ақпан	Тәрбие сағаттары
10.	«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік!» ҚР Тәуелсіздік күніне арналған шаралар /бөлек жоспар/ 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 1-сынып және 5-	13.12.2022	Мерекелік іс-шара

	сынып оқушыларын «Жас Қыран», «Жас Ұлан» ұйымына қабылдау		
11.	Азаматтық қорғаныс айлығы	Наурыз	Іс-шаралар
13.	Отан қорғаушылар күні	Мамыр 1 апта	Мерекелік шара
14.	Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін кеңінен насихаттау мақсатында көрме, сынып сағаттары ҚР Рәміздер күнін атап өту	Маусым	Дөңгелек үстел
15	Ұлы отан соғысындағы Жеңістің 78 жылдығы «Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым!»	8.05.2023.	апталық
17.	«Сыңғырла, соңғы қоңырау-2022» «Қош бол, алтын ұя, мектебім» (мектеп түлектерінің аттестат алу кеші	25.05.2023.	Салтанатты жиын
18.	Құқықтық тәрбие «ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА – ҚАУЫМҒА ПАНА құқық қорғау орган қызметкері мен бірлескен жұмыс	Жыл бойы	Рейд Кездесу
19.	«Өміріңе немқұрайлы қарама» бос уақытты тиімді өткізуге арналған (апталық, бөлек жоспар) Сынып сағаттары: «Бала құқығы – адам құқығы» 1. «Менің құқықтарым – менің міндеттерім». 2. «Құқықбұзушылықтар мен заңды жауапкершілік».		
20.	«ҚҰҚЫҚТЫҚ САНА – ҚАУЫМҒА ПАНА» «Қылмыссыз жаз!» бағытында рейдтер мен түсіндірме жұмыстары	Жыл бойы	Түсіндірме жұмысы
21.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті		
22.	«Парасатты азамат» бұрышын жаңарту («Адал ұрпақ» тобының жұмысы)	Қыркүйек	Бұрышты жаңартып отыру
23.	«Сыбайлас жемқорлық» «Құқықтық сана-қауымға пана»/Сынып сағаттары/	Желтоқсан	Тәрбие сағаты
26.	Құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру (кездесу)	22.02.2023.	Ауылдық учаскелік полициямен кездесу
	Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың және қаңғыбастықтың алдын алу		
27	«Түнгі қаладағы балалар» профилактикасы, «Сабак», «Жасөспірім», «Қадағалау» жедел алдын-алу іс-шаралары	Жыл ішінде	Рейдке шығу
30.	Түнгі кезекшілік	Жыл бойы	Журнал толтырылған

2.бағыт: Рухани-адамгершілік тәрбие.

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

Әлеуметтік педагог А.Қ.Аймашова мектеп оқушыларының мектепке дайындығын қамтамасыз етуде «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырды. Аталмыш акцияға мектеп ұстаздары, қамқоршылық

кеңес мүшелері, кәсіпкерлер мен мектеп тұлғалары белсенділік танытқан. Мектеп оқушыларының діни сауаттылығын арттыруда тарих пәні мұғалімі А.С.Дуйсенов 8-11 сынып оқушыларына «Діни ағымдар және оның ықпалы» тақырыбында профилактикалық сағат өткізген. Қазан айының алғашқы аптасында Ұстаздар күніне орай «Ұстазым, менің ұстазым» атты мерекелік іс-шаралар жоспары құрылған. Ұстаздарды сыйлау, құрметтеу мақсатында мектепшілік құттықтаулар, концерттік шара өткізілген. Өзін-өзі басқару ұйымы белсенділерімен «Дублер күні» өзін-өзі басқару күні өткізілген. 1 қазан Қариялар күніне орай мектептің «Өзін-өзі басқару» ұйымы белсенділері «Қоғамға қызмет» жобасы шеңберінде ауыл тұрғыны Роман атайға ауласын күзгі көң қоқыстардан тазарту жұмыстарын ұйымдастырып, қайырымдылыққа ат салысқан. Қаңтар айында Қибат әжейдің үйін қардан тазартып, қайырымдылық жасаған. Оқушылар мен ата-аналардың, педагогтардың көңіл-күйлерін көтеру, оларды білім алу мен оқыту іс-әрекетіне ынталандыру, ата-аналардың мектеппен байланысын нығайту мақсатында «Жақсы көңіл-күй жанға қуат береді» тақырыбында әлеуметтік-психологиялық онкүндік өткізілген. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында «Әжемнің ертегілері», «20 минут оқы да, 3 минут эссе жаз», «Отбасылық оқу», «Оқы және өзгеге сыйла» акциялары, «Әдеби Ақжайық» шаралары жүзеге асырылған. Халықаралық кітап күніне орай мектептің «Үздік оқырмандары» анықталған. 20- ақпан күні әлеуметтік педагог А.Қ.Аймашева мен педагог- психолог Жоламанов А.Қ. буллингтің алдын алу және буллингке ұшыраған оқушыға үштік құрылымның көмегі тақырыбында семинар сағатын ұйымдастырды.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындалу мерзімі	Нәтижесі, сілтемелер
1.	«ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ»: «Мектепке жол» акциясы	Тамыз-Қыркүйек	Акция
2.	«Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер клубы 1 қазан-Қарттар күні «Мейірбандық, қайырымдылық» айлығы	1 қазан	Тәрбие сағаттары, қарттарға көмек акциялар ұйымдастырылды.
3.	«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» «Мұғалім-мектептің жүрегі» ата-аналардың ұстаздарға алғыс білдіру бейнероликтері 1. «Ұстаз мәңгілік, жадымда қалар жаңғырып» оқушылардың ұстаздар туралы ән орындауы «Ұстазым-менің ұлағатым!» суреттер, ашық хаттар, құттықтаулар алғыс хаттар даярлау Мерекелік шара	3-7. 10.2022.	Апталық
4.	Адамгершілік-жыныстық тәрбие бойынша дәріс-сұхбат	10.11.2022.	Дәріс-сұхбат

3.бағыт. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау. Ұлттық тәрбие бағыты бойынша «Дәстүр мен ғұрып» жобасы жүзеге асырылған. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білу және құрметтеуге бағытталған «Ұлттық бұйымдар» көрмесі, «Ұлттық тағамдар» жәрмеңкесі, «Ұлттық киімдер» сән апталығы ұйымдастырылған. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесіне орай іс-шаралар жоспары бекітілген. Наурыз мерекесіне мектеп оқушылары, ата-аналары және мектеп қызметкерлерімен біріккен мерекелік шара ұйымдастырылған. Тәрбие сағаттар шеруінде қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері көрініс көрсетілген. 1-5 сыныптың ұл балалардың қатысуымен «Асық ату» ұлттық ойын түрінен ашық чемпионат ұйымдастырылды. Қыз балалармен «Қыз бала –ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты кездесу сағаты, ер балалармен «Ер бала-елдің ертеңі», «Сабыр –ақылдың серігі» тақырыптарында ашық әңгіме сағаттары оздырылған. Ұлттық құндылықтарға бағытталған қазақ ақын-жазушыларының шығармалары оқып, талданған.

Ана тілімізді құрметтеуге мақсат етілген мәнерлеп оқу байқаулары оздырылып, білім алушылар халық мақтаныштарының ұлтымыздың мәдениетін, қасиетін дәріптеуге арналған дана сөздерін шараларда тақырыптарға сәйкес пайдаланып отырды. Ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлерімізді насихаттау үшін танымдық-зияткерлік шараларда ізденіс тапсырмалары берілген.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындалу мерзімі	Нәтижесі, сілтемелер
1.	«Ұлттық тағамдар» жәрмеңкесі,	12.03.2022.	Жәрмеңке
2.	«Ұлттық бұйымдар»	13.03.2022.	Көрме
3.	Ұлыстың Ұлы күні Наурыз	17.03.2023.	Тәрбиелік шара
4.	Қыз балалармен «Қыз бала – ұлттың ұяты	5.04.2023.	Кездесу
5.	Көрісу күні, наурыз мерекесіне орай іс-шаралар	14.03.2023.	Тәрбие сағаты
6.	1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні. «Қазақстан – бірлік пен татулықтың мекені» Мерекелік шара	1.05.2023.	Фестиваль

4.Отбасы тәрбиесі.

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Қыркүйек айының екінші аптасында «Отбасы-мектеп» жобасы аясында Халықаралық Отбасы күніне орай іс-шаралар апталық жоспарын құрылған. Апталық барысында отбасылық спорттық сайыс, фотокөрме, бейнеқұттықтаулар сынды шаралар өткізілді. «Отбасы-бақыт мекені» атты тақырыпта стенд шығарылған. 1-4 - сынып оқушыларының отбасылық суреттері мектеп дәлізіне ілінген. «Менің отбасым», «Отбасы берекесі», «Отбасы-шағын мемлекет» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілген. «Өзін-өзі басқару» ұйымының ұйымдастыруымен «Отбасымызбен билейміз» флешмобы, мектеп психологі А.К.Жоламанов пен әлеуметтік педагог А.Қ. Аймашова ұйымдастыруларымен «Отбасының тірегі – ата-ана» көпбалалы аналарға жыл сайын дәстүрге айналған аналар форумы, «Менің әкем ең жақсы адам» тақырыптарында әкелер форумы оздырылған. Әр тоқсан сайын сынып жетекшілер ата-аналарға арналған сынып жиналыстарын жаңа форматта ұйымдастырылды..

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындалу мерзімі	Нәтижесі, сілтемелер
1.	8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем бесігін тербебетін жан-АНА» «Анаға қарап қыз өсер....» ана мен қызы сайысы	8.03.2023.	Көктем аруы-2023
2.	«Отбасы-мектеп» . «Әкем, анам және мен» отбасылық спорттық сайыс	18.04.2023.	Отбасылық сайыс
3.	Ата-аналарға психологиялық кеңестер, сауалнама, жарнама тарату	18.05.2023.	Сауалнама Кеңес беру

5.бағыт. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

Аталмыш бағыт бойынша «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет», «Еңбек елдің мұраты» кәсіби бағдар беру жобалары іске асырылған. Қыркүйек айында «Ерте жастан басталатын

экологиялық мәдениет» жобасы аясында «Еңбек түбі-береке» тақырыбында мектептің көгалдандыру жұмыстары бойынша көрме жасақталған. «Туған жер,неткен ғажапсың!» ауылдың көрікті жерлеріне арналған фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылған. Табиғатты таза ұстау мәдениетін қалыптастыруда сенбіліктер ұйымдастырылған. Күзгі еңбекті бағалау мен табиғат сұлулығына байланысты эстетикалық тәрбие беру мақсатында 1-4 сыныптарда «Сыбдыры сұлу, Алтын күз!» аппликациялар көрмесі, 5-7 сыныптарға «Autumn Polyglot» зияткерлік сайыс, 8-11 сыныптарға «Autumn ball» күзгі мерекелік кеші ұйымдастырылған. «Гүлденген мектеп» жобасына мектеп ата-аналары белсенді қатысады, «Бір ата-ана-бір герань» акциясы ата-аналарға ұйымдастырылған. «Еңбек елдің мұраты» жобасы аясында «Адал еңбек бейнесі» атты 4-6 сыныптар оқушыларына суреттер көрмесі өткізілді. 9-11 сынып оқушыларына «Мамандықтың бәрі жақсы» атты презентациялық конференциясы оздырылған. Құстарға қамқорлық көрсету мақсатында мектеп оқушылары әкелерімен бірге құстарға ұя жасап, мектеп дәлізіне көрме ұйымдастырды. Білім алушылар мектеп айналасын көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарына қатыстырылған. Үйірме мүшелерімен ғылыми жобалау жұмыстарын, экология, орнитология тақырыптарындағы қызықты шараларды өткізіп отырған. Маусым айында «Бала еңбегін қанауға жол жоқ!» акциясы ұйымдастырылған.

№	Тәрбие жұмысының атауы	Орындалу мерзімі	Нәтижесі, сілтемелер
1.	«Мектепті көркейтеміз – Қазақстанды көркейтеміз» Көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктерге еріктілерді тарту (валантерлар	Күз, көктем айлары	Сенбіліктер
2.	Сынып кабинеттерін көгаландыру	Үнемі	Фотоесеп
3.	Сынып кабинеттерін көгаландыру	Үнемі	Фото есеп
4.	Үлкенге көмек «Еріктілер» «Ардагер ұстаздар»	Жыл бойы	Акция
5.	«Мамандықтар әлемі»	Сәуір	Апталық

6.бағыт. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Тұлғаның көшбасшылық және шығармашылық қабілетін дамыту, ақпараттық мәдениетпен қамту мақсатында пән апталықтары аясында зияткерлік-танымдық байқаулар ұйымдастырылған.Көшбасшыларды анықтау мақсатында «Дублер» күні өткізілген. «Оқуға құштар мектеп»жобасы аясында мектеп кітапханашысы А.Б.Батаева., А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай «Ұлт ұстазы» кітап көрмесін ұйымдастырған. Дүйсенбі сайын лездемеде «New books» айдары бойынша кітапханадағы жаңа кітаптармен таныстыру жұмыстары жүргізілген. Қазақтың ақын жазушыларының мерейтойлары әдеби кештері арқылы жүзеге асырылған. Әлеуметтік желіде сауатты ақпаратты пайдалану мақсатында «Ғаламтордың пайдасы мен зияны», «Әлеуметтік желідегі этикет» тақырыптарында дебат, ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

